

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМУЫ ИНСТИТУТЫ**



**МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ САПАСЫН
БАҒАЛАУ ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК
ҰСЫНЫМДАР**

**РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ИСПОЛЬЗОВАНИЮ ИНСТРУМЕНТАРИЕВ
ОЦЕНКИ КАЧЕСТВА ДОШКОЛЬНОГО ВОСПИТАНИЯ И
ОБУЧЕНИЯ**

Астана 2023

*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Балаларды ерте дамыту институты базасында әзірленген*

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын бағалау құралдарын қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар: Ұсынымдар. – Астана, 2023. – 37 бет.

Пікір жазғандар:

Г.К. Ибрагимова, PhD доктор;

А.А.Абилова, меңгеруші;

Т.С. Есқалиева, әдіскер.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын бағалау құралдарын қолдану бойынша ұсынымдарда мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері үшін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын бағалау құралдарын қолдану бойынша ұсынымдар қарастырылған.

Берілген Ұсынымдар мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне арналған.

Ұсынымдар Балаларды ерте дамыту институтының Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, 2023 жылғы 27 қазандағы № 9 хаттамалық шешіміне сәйкес ұсынылған.

Балаларды ерте дамыту институты, 2023 ж.

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Мектепке дейінгі білім берудің қазіргі заманғы тұжырымдамасы және ғылыми зерттеулер баланың өмірімен және оның болашақтағы жетістіктеріне сапалы мектепке дейінгі білім берудің оң әсерін негіздеуге арналған [1], [2].

Қазіргі уақытта мектепке дейінгі педагогикада мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасына, оны бағалауға және бағалау құралдарына ерекше назар аударылған.

«... 14. Мемлекеттік бағдарламада мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту деңгейінде білім беру қызметтерінің сапалық көрсеткіштерімен байланысты индикаторлардың шектеулі саны айқындалған, олар – балалардың сауаттылық дағдылары, мектепке дейінгі ұйымдармен қамту, педагогтердің білім деңгейі, ал халықаралық практикада мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту сапасы – көптеген компоненттерді қамтитын және жергілікті контексті көрсететін ауқымды ұғым.....» [3, б. 4].

Мектепке дейінгі білім беру бойынша шетелдік және отандық деректерді, зерттеулер мен стратегиялық құжаттарды талдау мектепке дейінгі білім берудің институционалдық даму перспективаларын көрсетеді.

Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың бөлігі: мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының қолжетімділігі, педагогтердің жоғары сапалы білімі (өз білімін жетілдіру), әлеуметтік жағынан осал топтарынан шыққан балаларды мектепке дейінгі біліммен қамтамасыз ету, талантты және дарынды балалармен жұмыс істеу, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын бағалау құралдарын пайдалану мәселелері айқындалған.

Дамытушы бағдарлама балалардың жасына сәйкес болуы керек және академиялық бағыты болмауы тиіс [4].

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын бағалау қазіргі білім беру саясатындағы өзекті және өте маңызды мәселелердің бірі болғандықтан, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын бағалау құралдарын қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу өзекті.

Ұсынымдарда жоғары педагогикалық білім беруде мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларының әртүрлі тәсілдері талданған және осындай тәсілдердің тиімділігі қарастырылған, мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбие мен оқыту сапасын бағалау құралдарын қолдану саласында жүргізілген зерттеулерге шолу жасалған.

Ұсынымдардың мақсаты сапаны бағалау құралдарын қолдану бойынша мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарының педагогтеріне әдістемелік көмек көрсету болып табылады.

Бұл материал мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын бағалау құралдарын қолдану бойынша мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне құрал және әдістемелік нұсқаулық ретінде ұсынылады.

КІРІСПЕ

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі білім беру сапасын бағалаудың маңыздылығы айтарлықтай артып келеді. Бұл вариативті білім берудің дамуына, мектепке дейінгі ұйымдар желісінің кеңеюіне, әлеуметтік-мәдени сұраныстың өзгеруіне, жаңартылған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының енгізілуіне байланысты [5].

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінің 38-тармағында «..... мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі проблемаларды анықтау үшін мынадай мәселелер бойынша зерттеулер жүргізіледі: білім беру қызметтерінің сапасын бағалаудың бірыңғай өлшемшарттары, көрсетілетін қызметтердің сапасын өлшеу және оны арттыру бойынша шаралар қабылдау үшін мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың сапасын бағалау құралы әзірленеді; бүкіл әлемде кешенді бағалау құралы ретінде қолданылатын сәбилік шақтағы қоршаған ортаның ECERS рейтингтік шкаласын қолдана отырып, мектепке дейінгі білім беру сапасын тәуелсіз ұлттық бағалау жүйесі енгізіледі»- деп айтылған [3, б. 9].

Мектепке дейінгі білім беру тапшылығы жағдайында оның «сапасы» ұғымы көбінесе «қол жетімділік» ұғымымен ауыстырылды.

Осы уақытқа дейін «Мектепке дейінгі білім беру сапасы» ұғымы нормативтік-құқықтық, тұжырымдамалық және стратегиялық құжаттар деңгейінде, мектепке дейінгі білім беру жүйесінің қызметтеріне негізгі тапсырыс берушілер мен тұтынушыларды ұсыну деңгейінде, жеткілікті тұжырымдалмаған және критерийлер мен индикаторлар жүйесі арқылы айқындалмаған күйде берілген.

Мақсаты: мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарының педагогтеріне сапаны бағалау құралдарын қолдану бойынша көмек көрсету.

Міндеттері: мектепке дейінгі білім беру сапасын бағалаудың негізгі объектілерін қарастыру; мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын бағалау құралдарын қолдану әдістерін сипаттау.

Сапаны бағалау критерийлерін қолдану мектепке дейінгі ұйымдардың ішкі мониторингі жұмысын жетілдіруді көздейді.

Осылайша, мектепке дейінгі ұйымдар білім беру қызметтерінің сапасын жан-жақты бағалай алады және педагогтердің тәжірибесін жетілдіру бойынша жұмысты жоспарлай алады.

Сонымен қатар, кешенді бағалау негізгі мәселелерді анықтауға және балалардың дамуындағы жетістіктерді бақылауға көмектеседі.

Осы негізде мектепке дейінгі білім беруді бағалаудың заманауи жүйесін әзірлеу, мектеп жасына дейінгі балаларға білім беру жетістіктері, тәрбиелеу-білім беру процесінің көрсеткіштері бойынша білім сапасын бағалауға мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын бағалау құралдарын қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдарда мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын бағалау құралдарын қолдану бойынша мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері үшін ұсынымдар қарастырылған.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН БАҒАЛАУ ОБЪЕКТІЛЕРІ

Мектепке дейінгі білім беру сапасын бағалау екі негізгі объектіге:

- білім беру процесіне (білім беру ортасы, білім беру қызметі, білім беру шарттары, өзара іс-әрекет және т. б.);
- балалардың білім беру нәтижелеріне (балалардың даму динамикасы, баланың жеке дамуы, балалар белсенділігінің әртүрлі түрлері және т.б.) бағытталған.

Отандық тәжірибе

Білім беру әрекеті мен балалардың даму деңгейін педагогтер бақылау, әңгімелесу, балалар әрекеті нәтижелерін талдау, диагностикалық жағдайлар сияқты әртүрлі құралдар мен рәсімдерді қолдану арқылы бағалайды.

Бұл тәжірибе толығымен педагогтердің біліктілік деңгейіне байланысты, себебі құралдар жиынтығы рәсімделмеген және тәрбиелеу-білім беру процесіне әдістемелік аппараттың бөлігі ретінде енгізілген. [5].

Бұл ретте мектепке дейінгі ұйымдардың өздері білім беру ортасы мен жағдайларын бағалауды жүйелі түрде жүргізбейді. Көбінесе мұндай бағалау мектепке дейінгі білім беру ұйымын қолдауға бағытталған жекелеген жобалар аясында ғана қолданылады.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесін мемлекеттік бақылау саласында «Білім беру жүйесіндегі тәуекел дәрежесін бағалау критерийлер» жаңа құралы енгізілді.

Осы критерийлерді қолдана отырып, мектепке дейінгі білім берудің «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының [1] талаптарына, Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына [2], Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына [5] сәйкестігін жүйелі деңгейде айқындауға болады. Сонымен бірге, бұл критерийлер жүйесі мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің мемлекеттік бақылау үшін маңызды сипаттамаларын белгілейді, бірақ білім беру сапасын жан-жақты бағалау үшін жеткіліксіз [6]. Білім беру сапасын бағалау әртүрлі деңгейлерде іске асырылады, қазіргі ғылыми түсініктерге жеткілікті сәйкес келмейді және негізінен дәстүрлі тәсілдерге негізделген.

Қазақстандағы зерттеулер бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын бағалаудың жан-жақты параметрлері мен критерийлері [7], [8] өзекті мәселе болып табылады.

«Мектепке дейінгі ұйымдардың өзін-өзі бағалау құралдарында педагогикалық процестің сапасын бағалау критерийлері берілмеген. Сондықтан, Қазақстандағы балабақшалардың жай-күйін бақылауды зерттеу барысында ECERS-3 халықаралық сапаны бағалау шкаласы қолданылады.

Кездейсоқ іріктеу арқылы бақылау баланың қоршаған ортасын ұйымдастыруға қатысты қажетті ақпаратты алуға мүмкіндік берді. Алынған деректерді талдау нәтижелері мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын бағалаудың жаңадан әзірленген критерийлер құрамы мен параметрлерін анықтауға негіз болды...»- деп жазылған [7, б. 22–23].

Сонымен бірге, тиісті диагностикалық құралдарды іздеу және мектепке дейінгі білім беру ұйымдары қызметінің сапасын бағалау бойынша сарапшыларды даярлау / қайта даярлау маңызды.

Шетелдік тәжірибе

Ирландия

Siolta ұлттық сапа жүйесі 6 жасқа дейінгі балаларға арналған, үйлерінен тыс жерде болатын барлық жағдайларға қолданылады: күндізгі топтар, толық емес жұмыс күні/толық жұмыс күні, балалар сыныптары және басқа да тәрбие түрлері [9].

Еуропа

Еуропадағы мектепке дейінгі білім беру және бала күтімі мекемелеріндегі сапа мен кәсіби дамудың салыстырмалы зерттеулері алты елде: Кипр, Дания, Финляндия, Греция, Португалия және Румынияда жүргізілген зерттеулерге негізделген, кіші жас тобының тәрбиешілерінің кәсіби дамуына жаңа тәсілдерді, мектепке дейінгі ұйымдардың орта сапасын бағалау шкалаларын кәсіби деңгейге біріктірудің балама әдісін ұсынады [10].

АҚШ

Коннектикут штатының мектепке дейінгі білім беруді бағалау негіздері арнайы оқыту үлгісіне негізделген. Ол төрт саланы қамтиды: жеке және әлеуметтік даму (P&S), физикалық даму (PHY), когнитивті даму (COG), шығармашылық көрініс / эстетикалық даму (CRE) [11].

Каролина штатында сапа көрсеткіштерінің шегі негізінде жоғары сапалы бала күтімі дағдыларының қолжетімділігін арттыру үшін сапаны бағалау және жетілдіру жүйелері (QRIS) қолданылады [12].

1980 жылы АҚШ-тың Солтүстік Каролинасында авторлар тобы-Тельма Хармс, Ричард М. Клиффорд, Дебби Крайер–мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында (Early Childhood Environment Rating Scales) білім сапасын кешенді бағалау үшін ECERS-R шкаласын әзірледі.

Бұл әдіс 2,5 жастан 5 жасқа дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі білім беру сапасын кешенді бағалауға арналған [13]. ECERS-R «Дамуға бағытталған оқыту» (developmentally Appropriate Practice) тұжырымдамасын жүзеге асырады және бала балабақшада болатын жағдайлардың барлық спектрін қамтиды [8]. Мектепке дейінгі ұйымдардың сапасын бағалаудың халықаралық тәжірибесін талдай отырып, көптеген елдерде апробациядан өткен және іс жүзінде дәлелденген заманауи диагностикалық құралды - ECERS-R шкалаларын бөліп көрсетуге болады.

Сарапшылар қауымдастығы ECERS-R шкалаларын қоршаған ортаны бағалау нәтижелері бойынша сенімді құрал деп бағалады. Құрал орта

сапасының жалпы бағасы қалыптасатын фактілер деңгейінен ақпарат жинайды, үйлесімді теңдестірілген [14].

САПАНЫ БАҒАЛАУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары көрсететін тәрбиелеу және білім беру қызметтерінің сапасын арттыру үшін ұйым мен педагогтердің қызметін үнемі өзін-өзі бағалау ұсынылады.

Мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалау өлшемшарттарының құрылымы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын қамтамасыз ету стандарттарына сәйкес келеді [7].

Сапаны қамтамасыз ету бойынша нұсқаулықта [15] стандарттар айқындалған (1-кесте).

1-кесте. Сапаны қамтамасыз ету бойынша нұсқаулықта [15] стандарттар айқындалған

№	Атауы	Мазмұны
1	1. Стандарт	Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат
2	2. Стандарт	Балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығы
3	3. Стандарт	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын әзірлеу және бекіту
4	4. Стандарт	Баланы тәрбиелеу, оқыту және оның дамуындағы ілгерілеуді бағалау
5	5. Стандарт	Педагогикалық құрам және қызметкерлер
6	6. Стандарт	Қарым-қатынас және өзара іс-әрекет : педагог, тәрбиеші, ата-ана және бала
7	7. Стандарт	Дамытушы орта
8	8. Стандарт	Жұртшылықты ақпараттандыру
9	9. Стандарт	Сапаны мерзімді сырттай қамтамасыз ету

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын бағалау өлшемдері [15]:

- қолданыстағы нормативтік актілерге сәйкес нормалар мен талаптарды сақтау;

- оқу бағдарламасының міндеттерін сапалы жүзеге асыру;

- педагогтардың құзыреттілігінің жоғары деңгейі;

- ортаның қол жетімділігі және дамытушы заттық-кеңістіктік орта жағдайларына сәйкестігі;

- мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық жарақтандырылуы;

- балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

- ата-аналарды тәрбиелеу және оқыту процесіне тарту.

Критерийлерге сәйкес (2-5 кесте) бағалау сапа көрсеткіштерінің 4 параметрі [7] бойынша жүргізіледі:

- 1) қауіпсіздік және қол жетімділік;
- 2) педагогтердің бағдарламаның күтілетін нәтижелеріне қол жеткізуі;
- 3) баланың отбасымен өзара қарым-қатынасы;
- 4) педагогтердің кәсібилігі.

2-кесте. «ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ҚОЛЖЕТІМДІЛІК» параметрі бойынша мектепке дейінгі ұйымдар үшін сапаны бағалау критерийлері.

№	Критерийлер	Индикаторлар
I		ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ҚОЛЖЕТІМДІЛІК
1	Мектепке дейінгі ұйым балаларға жайлы жағдай жасалған кең ғимаратта орналасқан	1) типтік емес, топтар санына және қауіпсіздіктің негізгі талаптарын сақтауға ыңғайластырылмаған 2) типтік емес, топтар санына ыңғайластырылған, қауіпсіздіктің негізгі талаптарын сақтау мүмкіндігі бар 3) балалардың қауіпсіз және жайлы жағдайда болуы үшін оңтайлы эргономикалық шешімдері бар типтік немесе толығымен ыңғайластырылған 4) балалардың қауіпсіз және жайлы жағдайда болуы үшін барлық талаптарға сай келетін типтік ғимарат
2	Балалар контингенті МДҰ жобалық қуатына сәйкес келеді, топтардағы балалар саны үлгілік қағидаларға сәйкес нормадан аспайды (ҚР ОАМ № 385 бұйрығы)	1) сәйкес келмейді 2) топтардың көбісінде бала саны шамадан тыс артық 3) 1-2 топтан басқа топтардағы балалар саны нормадан аспайды 4) толық сәйкес келеді
3	Мектепке дейінгі ұйымның материалдық базасы ҚР БҒМ №70 бұйрығының нормаларында белгіленген талаптарға сәйкес келеді	1) сәйкес келмейді 2) ішінара сәйкес келеді 3) негізгі талаптар бойынша сәйкес келеді 4) толық сәйкес келеді
4	Балаларға қауіпсіз жағдай жасалған	1) бейнебақылаумен жабдықталмаған, төмен қоршаулармен қоршалған/қоршалмаған, ойын жабдықтары ауыстыруды қажет етеді, түсу аймақтарына жұмсақ жабын төселмеген. 2) сыртқы алаң мен ғимараттың іші ішінара бейнебақылаумен жарактандырылған, қоршаулармен қоршалған, ойын жабдықтары бекітілген, түсу аймақтары жеткілікті жұмсақ емес (d□ 7 мм-ден аз 3) 75% - дан астам бейнебақылаумен жарактандырылған, биік қоршаулармен қоршалған, ойын жабдықтары бекітілген, түсу аймақтарына жұмсақ жабын төселген (d□ 7 мм-ден аз емес) 4) сыртқы алаң мен ғимараттың іші бейнебақылаумен жарактандырылған, биік қоршаулармен қоршалған, ойын жабдықтары бекітілген, түсу аймақтары жеткілікті жұмсақ (d□ 10 мм- ден аз емес)
5	МДҰ штатында балаға қарайтын және оларға күтім жасайтын жеткілікті қызметкерлер саны бар	1) жоқ 2) уақытша кадрлық бос жұмыс орындары бар 3) үстеме жұмыс уақытының шеңберінде бірін-бірі алмастыру арқылы шешілген 4) иә, балаға күтім жасау және қарау үшін жеткілікті қызметкерлер бар
6	МДҰ педагогтері мен қызметкерлері санитарлық және өрт қауіпсіздігіне	1) жоқ 2) өте сирек

	қойылатын талаптарды сақтау, терроризмге қарсы оқу-жаттығулар, төтенше жағдайлар кезіндегі шаралар туралы оқыту бойынша нұсқамадан уақтылы өтіп отырады	3) кейде 4) жүйелі
7	Сапалы дамытушы білім беру ортасы құрылған	1) балалардың дербес/біріккен іс-әрекеті үшін жағдайлар жасалмаған, ойын кеңістігі балаларға қол жетімді емес (биік сөрелер мен жабық шкафтар, орта толыққанды жабдықталмаған, әртүрлі емес), кеңістік балалардың қызығушылықтары бойынша аймақтарға бөлінбеген 2) бөлмедегі физикалық орта жақсы жағдайда, бірақ ойын кеңістігі балаларға толық қолжетімді емес, қызығушылық аймақтарына тек шартты түрде бөлінген 3) ойнау үшін жағдай жасалған, ойын кеңістігі балаларға қолжетімді (сөрелердің биіктігі балалардың бойынан жоғары емес, кейбір ойыншықтар жабық шкафтарда орналасқан), кеңістік аймақтарға бөлінген және кемінде 5 қызығушылық орталығы бар 4) дербес/бірлескен балалар іс-әрекеті үшін барлық жағдайлар жасалған, жайлы орта қалыптастырылған, ойын кеңістігі балаларға толық қолжетімді (сөрелердің биіктігі балалардың бойынан жоғары емес, ойыншықтар ашық сөрелерде/ішіндегі заттар көрінетін түссіз контейнерлерде орналасқан), кеңістік аймақтарға бөлінген және 7-ден кем емес қызығушылық аймақтары бар

3-кесте. "ПЕДАГОГТЕРДІҢ БАҒДАРЛАМАНЫҢ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУІ" параметрі бойынша мектепке дейінгі ұйымдар үшін сапаны бағалау критерийлері.

№	Критерийлер	Индикаторлар
II	ПЕДАГОГТЕРДІҢ БАҒДАРЛАМАНЫҢ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУІ	
1	5 жасқа дейінгі балалар 10-ға дейін тура және кері санауды біледі	1) кейбір балалар ғана санай алады 2) балалардың жартысы 10-ға дейін және кері санай алады 3) балалардың көпшілігі 10-ға дейін және кері деп санайды 4) барлық балалар 10-ға дейін және кері санауды біледі
2	5 жастағы барлық балалар кем дегенде 5 геометриялық фигураны ажыратады және атайды, оларды ұқсастығымен байланыстырады	1) кейбір балалар ажырата алмайды, фигураларды ұқсастығы бойынша салыстыруға тырысады 2) 3-4 фигураны ажыратады және атайды, фигураларды ұқсастығы бойынша салыстыра алады 3) 5 негізгі фигураны ажыратады және атайды, фигураларды ұқсастығы бойынша салыстыра алады 4) 5-тен астам геометриялық фигураларды ажыратады және атайды, фигураларды ұқсастығы бойынша салыстыра алады, әртүрлі күрделі пазлдарға, конструкторлық ойыншықтарға қызығушылық танытады
3	Балалар шығармашылық/жобалық іс-шараларға белсенді қатысады, өз идеяларын ұсынады, өз идеялары бойынша ойлап тапқан тапсырмаларды аяқтай алады (4-5 жас)	1) жоқ 2) кейбір балалар ғана қызықты идеялар ұсынып, тапсырманы орындай алады 3) балалардың көпшілігі қызықты идеяларды ұсына алады және тапсырманы орындай алады 4) барлық балалар белсенді, қызықты идеялар ұсына алады және шығармашылық тапсырманы соңына дейін жеткізе алады
4	Материалдарды өз бетінше таңдайды және композициялар ойлап табады және шығармашылық қиялын көрсете отырып құрастырады (4-5 жас)	1) жоқ 2) тек кейбір балалар 3) балалардың көпшілігі 4) барлық балалар

5	Балалар қимыл-қозғалыс ойындарын өздері ұйымдастыруда белсенділік танытады, ойындарда физикалық қабілеттерін көрсетеді (4-5 жас)	1)	жоқ
		2)	тек кейбір балалар
		3)	балалардың көпшілігі
		4)	барлық балалар
6	Балалар таныс шығарманың мазмұнын сабақтастырып айтып бере алады, мазмұнды суреттер бойынша қызықты әңгімелер құрастыра алады (4-5 жас)	1)	жоқ
		2)	тек кейбір балалар
		3)	балалардың көпшілігі
		4)	барлық балалар
7	Балалар бағдарламада берілген қазақ тілінің сөздік минимумын түсінеді және қолданады (3-5 жас)	1)	жоқ
		2)	тек кейбір балалар
		3)	балалардың көпшілігі
		4)	барлық балалар
8	5 жастағы балалар заттарды әртүрлі белгілермен (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра алады. Шартты өлшеуді қолдана отырып, заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшейді және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыра алады	1)	жоқ
		2)	тек кейбір балалар
		3)	балалардың көпшілігі
		4)	барлық балалар
9	5 жастағы балаларда еркіндік, үнемділік дағдылары қалыптасқан, өзінің және басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай алады	1)	жоқ
		2)	тек кейбір балалар
		3)	балалардың көпшілігі
		4)	барлық балалар
10	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламасын іске асыру мониторингінің нәтижелері бойынша жыл соңында балалардың дамуында ілгерілеуге қол жеткізілген (5 жас)	1)	10 % -дан төмен динамика
		2)	10-15 % аралығындағы динамика
		3)	15-20 % аралығындағы динамика
		4)	20-дан % жоғары динамика

4-кесте «БАЛАНЫҢ ОТБАСЫМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС» параметрлері бойынша мектепке дейінгі ұйымдар үшін сапаны бағалау критерийлері.

№	Критерийлер	Индикаторлар
III	БАЛАНЫҢ ОТБАСЫМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС	
1	Мектепке дейінгі ұйым мен отбасы ықпалдастық қарым-қатынас орнатқан	1) жоқ, тек көрнекі іс-шаралар ұйымдастырылады
		2) мерекелік іс-шараларға орай отбасылық эстафеталар, сайыстар өткізіледі
		3) жаңаша нысанда ата-аналар жиналыстары өткізіліп тұрады: тренинг, семинар, сұхбат және т. б.
		4) баланың дамуына ықпал ететін отбасымен өзара ықпалдастықтың барлық тиімді тәжірибесі мен әдістері пайдаланылады

2	Педагог ата-аналарға жеке және жалпы кеңес береді	1) жоқ
		2) кейде
		3) өз жоспары бойынша
		4) үнемі, қажеттілігіне қарай
3	Ата-аналар балабақшадағы тәрбие мен оқыту процесіне қатысады	1) жоқ
		2) жылына 1 рет
		3) ашық есік күнінде
		4) үнемі, бірлескен іс-шаралар шеңберінде
4	МДҰ сайтында (чатта және т. б. дереккөздерде) немесе ата-аналар бұрышында ата-аналар үшін пайдалы ақпарат бар және ол үнемі жаңартылып отырады	1) жоқ
		2) бар, сирек жаңартылады
		3) ата-аналар үшін әрқашан пайдалы ақпарат бар және үнемі жаңартылып отырады
		4) ата-аналарға пайдалы, әрі қажетті ақпаратты жеткізіп және хабардар етіп отыру үшін ақпараттандырудың барлық әдістері мен тәсілдері белсенді қолданылады
5	МДҰ-да ата-аналарға, оның ішінде балалары МДҰ-ға келмейтін ата-аналарға арналған консультациялық пункт жұмыс істейді	1) жоқ
		2) иә, тек МДҰ-ға балалары баратын ата-аналар үшін
		3) иә, тек білім алуда ерекше қажеттілігі бар балалардың ата-аналары үшін ғана
		4) иә, оның ішінде балалары МДҰ-ға бармайтын ата-аналар үшін де

5-кесте «ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӘСІБИЛІГІ» параметрлері бойынша мектепке дейінгі ұйымдар үшін сапаны бағалау критерийлері.

№	Критерийлер	Индикаторлар
IV	ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӘСІБИЛІГІ	
1	МДҰ педагогтерінің кәсіби білімі және біліктілік санаты бар	1) 50 %-ға жетпейді
		2) 50-60 %
		3) 60-70 %
		4) 70 %-дан жоғары
2	МДҰ педагогтері балаларға мейрімділік пен сүйіспеншілік танытады, оларға қарым-қатынас үшін жайлы орта қалыптастырады	1) жоқ
		2) кейбіреуі
		3) көпшілігі
		4) барлық педагогтер балаларға мейрімділік пен сүйіспеншілік танытады, оларға қарым-қатынас үшін жайлы орта қалыптастырады
3	МДҰ педагогтері балалар үшін дамушы ортаны ұйымдастыра алады және оны баланың қабілеттері мен дағдыларын дамыту үшін тиімді қолдана алады	1) жоқ
		2) кейбіреуі
		3) көпшілігі
		4) барлық педагогтер ортаны ұйымдастыра біледі және оны тиімді пайдаланады
4	МДҰ педагогтері мектеп жасына дейінгі балалардың жас психологиясының ерекшеліктерін жақсы біледі	1) жоқ
		2) кейбіреуі
		3) көпшілігі
		4) барлық педагогтер
5	МДҰ педагогтері өзін-өзі тәрбиелеу бойынша жұмыс істейді, жұмыс кезінде балалардың іс-әрекетін сапалы бақылауды біледі	1) жоқ
		2) кейбіреуі
		3) көпшілігі
		4) барлық педагогтер

Бағалауды келесі ұсынылған критерийлер бойынша жүргізу ұсынылады [7], [15]:

- 1) бағалауға меншік нысанына қарамастан барлық МДҰ қатысады;
- 2) әрбір мектепке дейінгі ұйымнан толтырылған 1 кесте ғана жолданады;
- 3) мектепке дейінгі ұйым топтарында алдын ала бақылау жүргізу;
- 4) бақылауды меңгеруші, әдіскер жүргізе алады;
- 5) мектепке дейінгі ұйым үшін бақылау парағын толтыру;
- 6) деректерді жинау үшін Excell форматындағы кестеге деректерді көшіру;
- 7) мектепке дейінгі ұйым Excell форматындағы кестеде әр алынған индикаторды «1» санымен белгілейді;
- 8) бағалау нәтижелерін талдау негізінде МДҰ іс-қимыл жоспарын жасайды;
- 9) қазан және қараша айларында қауіпсіздікті қамтамасыз ету, балалар мен педагогтарға жағдай жасау, тәрбие мен оқыту процесін ұйымдастыруды жақсарту, отбасымен өзара қарым-қатынас орнату, педагогтердің кәсіби деңгейін жетілдіру жөніндегі іс-қимыл жоспарына түзету енгізе отырып, қайта бақылау жүргізу;
- 10) академиялық адалдықты сақтау қажет және көрсеткіштерді жалған көтеруге жол бермеу керек, өйткені мектепке дейінгі ұйымдар қиындықтарды анықтап, олармен жұмыс істеуді үйренуі керек;
- 11) мектепке дейінгі ұйым даму жоспарын құру үшін бақылау нәтижелерін, өз қызметін бағалау қорытындыларын негізге алуы қажет;
- 12) мемлекеттік және жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар бөлінісінде аудан бойынша ақпаратты жинақтау үшін мектепке дейінгі ұйым Excell форматындағы толтырылған кестені білім бөліміне жібереді;
- 13) аудандық білім бөлімі ауданның бағалау нәтижелерін облыс бойынша қорытындыларды шығару үшін облыстық әдістемелік кабинетке жібереді;
- 14) облыстық әдістемелік кабинет облыс бойынша жинақталған қорытындыны Балаларды ерте даму институтына жолдайды;
- 15) қағаз түріндегі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапа динамикасын қадағалау 2023 жылдың соңына дейін айына 1 рет, сапаны бағалаудың келісілген критерийлері толық сандық форматқа көшірілгенге дейін жүргізіледі.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ САПАСЫН БАҒАЛАУ ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУ

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын бағалаудың әзірленген өлшемшарттары сапаның барлық компоненттерін: құрылымдық сапа, процесс сапасы, нәтиже сапасын (1-кесте) қамтиды.

6-кесте. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын бағалау критерийлері.

№	Компоненттер	Критерийлер
1	Құрылымдық сапа	Мектепке дейінгі ұйымың ұйымдастырылуы және дизайны
		Ішкі кеңістіктің ұйымдастырылуы, қол жетімділігі және қауіпсіз
		Педагогтердің білім деңгейі және кәсіби шеберлігі
		Дамытушы бағдарламалардың мазмұны мен сапасы
2	Процесс сапасы	Педагогтің күнделікті тәжірибесі
		Педагогтің балалармен, балалардың бір-бірімен тиімді бірге әрекет уақыты
		Күтім жасау және дамытуды кіріктіру, режимдік сәттердің мүмкіндіктерін пайдалану
		Педагогтің нәтижелі тәжірибесі
		Отбасын өатыстыру, отбасымен өзара ықпалдастықта тиімді тәжірибені қолдану
3	Нәтиже сапасы	Балалардың аман-саулығы, олардың құқықтарын қорғау
		Эмоционалдық, моральдық, психологиялық жайлылықты өлшеу
		Менталды дамыту
		Балалардың денсаулығы
		Мектепке оқуға дайындығы
		Ата-ананың қанағаттануы

Критерийлерді әзірлеу барысында тәрбиешінің кәсіби дайындығын анықтайтын қасиеттерінің жиынтығы да ескерілді. Олар мектепке дейінгі білім беру жүйесінде жұмыс істейтін педагог профессиограммаларының модельдерін қарастыра отырып, олардың келесі дағдылары мен кәсіби маңызды жеке қасиеттерін ажырату арқылы алынды: мейірімділік; коммуникативтілік; эмпатия; байсалдылық; парасаттылық; белсенділік; жауапкершілік; табандылық; нақтылық; біліктілік; икемділік [7]. Сапаны бағалаудың бірыңғай критерийлерін енгізу Мектепке дейінгі ұйымдардағы мониторинг және сертификаттау құралдарын жетілдіруге көмектеседі.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың сапасын бағалау критерийлері мектепке дейінгі ұйымдарға өзін-өзі бағалау құралы ретінде ұсынылған. Бұл, бір жағынан, әзірленген сапаны бағалау құралының балабақшалардың көрсеткіштерін салыстыру, рейтингін шығару құралына айналып кетпеуінің алдын алу үшін тәуекелді тұстарды ескеруді болжайды, екінші жағынан, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын бағалау құралдарын қолдануды қамтиды [7] (7 -кесте).

7-кесте. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын бағалау құралдарын қолдану бойынша ұсынымдар.

№	Компоненттер / Құралдар	Ұсынымдар
1	Критерийлерді өзін-өзі бағалау құралы ретінде қолдану	Критерийлер өзін өзі бағалау құралы ретінде қолдану бақылау арқылы арқылы жүргізіледі және әр көрсеткішке баға беріледі.
2	Белсенді кезеңді бақылау	Балалардың көбі қатысып отыратын белсенді кезеңді бақылау арқылы қажетті ақпараттарды толығырақ жинақтауға болады, ойын уақытын толық бақылау ұсынылады, не болатынын бақылап, балалардың бәрі тәжірибе алатын-алмайтынын қадағалау маңызды. Сол арқылы өлшемшарт көрсеткіштеріне шынайы балл қоя аламыз
3	Объективті бағалау	Өлшемшарттармен бағалау кезінде педагогтермен немесе қызметкерлермен жүргізілген сұхбат, пікірлер балл қоюға әсер етпеуі тиіс, себебі бақылау деректеріне сүйену ұсынылады
4	Үздіксіз бақылау немесе қысқа бақылаулардың жиынтық нәтижесі	Балл қою үшін үздіксіз бақылау немесе күн тәртібіне сәйкес әртүрлі уақыттағы қысқа бақылаулардың нәтижесін алуға болады. Одан бөлек, бақылау кезінде байқап үлгермейтін көрсеткіштер бойынша да қосымша уақыт бөлу ұсынылады.
5	Қызметтің мазмұны мен сапасы	Педагогикалық процесс бойынша бақылау уақытында Стандартта көрсетілген кіріктіріліп өткізілетін ұйымдастырылған әрекет түрлерінің қамтылуы мен сапасына мән берілуі қажет. [5].
6	Ақпараттың толықтығы	Тиісті көрсеткіштерге балл қоярдан бұрын, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының іске асырылуы бойынша алған ақпараттың толықтығына көз жеткізу. [2].
7	Ойыншықтар мен материалдардың үнемі қол жетімділігі	Балалар пайдаланатын арнайы материалдар әкелінді ме немесе топта болды ма, сонымен бірге олар қанша уақыт балалардың пайдалануы үшін қолжетімді болғаны маңызды. Жалпы балаларға арналған ойыншықтар мен құралдардың үнемі қолжетімді болғаны есепке алынады. Егер педагог оларды белгілі бір мақсатты ойынды ұйымдастыру кезінде пайдаланған болса, ойын аяқталғанша балаларға қолжетімді болуы керек.
8	Балалардың қимыл белсенділігі уақыты	Қимылды ойындар мен балалардың белсенділігіне бөлінген уақыт күніне 1-1,5 сағаттан кем болмауы керек
9	Күту уақытының ұзақтығы	Балалардың режимдік сәттер мен бір әрекет түрінен екіншісіне ауысуы арасындағы күту уақытының ұзақтығы жалпы күн бойындағысын қосып есептегенде 10 минуттан аспағаны жақсы көрсеткіш болып саналады.
10	Бақылау жүргізу әдебі	Критерийлерді қолдану үшін бақылау жүргізу мектепке дейінгі ұйымның, педагогтың жұмысына, балалардың іс-әрекетіне кедергі келтірмеуі тиіс. Бөгет жасауға болмайды, қажетті ақпарат алуға ыңғайлы сәт келгенше күту қажет. Ашық сәреде көрініп тұрған материалдарды тек өзгелерге бөгет болмасаңыз ғана жақындап көруге болады.
11	Стандарттарға сәйкестік	«Гигиена» мен «қауіпсіздік» көрсеткішін есептегенде мемлекет деңгейінде бекітілген стандарттар мен Үлгілік қағидалардың талаптарын балл қойғанда ескеру қажет.
12	Өнімдердің бекітілген нормаларға сәйкестігі	Тамақтану/жеңіл тамақтану кезінде берілетін тағамдардың қоректік құрамы бекітілген нормаларға сәйкес болады. Бақылау кезінде балаларды тамақтандыру кезінде сақталуы тиіс талаптардың орындалуына назар аударылады, сонымен қатар балалар кезекшілік атқарып, ересектерге көмектесе алады.

13	Бақылау қорытындыларының орташа балы	Бағалау қорытындысын кіші көрсеткіштер бойынша да, жалпы барлық бағалау параметрлері бойынша да орташа баллды есептеу арқылы шығаруға болады. <i>* Көрсеткіштердің әрқайсына 10 балл қойылады. Орташа бағаны шығару үшін әр көрсеткішке қойылған бағалардың қосындысын бағаланған көрсеткіштер санына бөлу керек. Жалпы орташа баға өлшемшарттағы көрсеткіштердің бәріне қойылған балдардың қосындысын бағаланған көрсеткіштер санына бөлгенде шығатын баға.</i> <i>* Жеткілікті ең төменгі деңгей 5 баллдан басталады, орташа сапа көрсеткіші 7 балл болып бағаланады, жоғары деңгей 10 балл болып есептеледі.</i>

2-кестеде көрсетілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын бағалау құралдарын қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдарда мектепке дейінгі ұйымдардың көрсетілетін білім беру қызметтерінің нәтижесі үшін жауапкершілігін арттыру мүмкіндіктері көрсетілген.

Осылайша, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын бағалау құралдарын қолдану бойынша ұсынымдар:

- баланың қоршаған ортасының жай-күйін және педагогикалық процестегі өзара іс-әрекетті бағалауға мүмкіндік береді;

- баланың қызығушылығын қолдау деңгейін, баламен жеке жұмысқа бөлінген уақытты және баланың толық дамуы үшін жасалған жағдайды зерттеуге көмектеседі;

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасына, баланың аман-саулығына, баланың балабақшада жайлы болуына және қажетті өзгерістерге негіз болатын дағдыларын дамытуға қаншалықты көңіл бөлінетінін айқындауға мүмкіндік береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мектепке дейінгі білім берудің жоғары сапасына тек мектепке дейінгі ұйымға тікелей қатысы бар педагогтер, әкімшілік және ата-аналар ғана қызығушылық танытпайды. Көптеген адамдар мен қоғамдық ұйымдар өздерін мектепке дейінгі білім беру жүйесін дамыту процесіне қатысы бар деп санайды. Бұл әдетте қоғамдық ұйымдар, ата-аналар бірлестіктері, жергілікті қоғамдастық, мектепке дейінгі білім беру ұйымы жұмыс істейтін елді мекенге қатысы бар жай ғана азаматтық белсенділер.

Олар балабақшаларды соншалықты бақылауға емес, қолдау көрсетуге және көмектесуге, балабақшаның өміріне қатысуға, мектепке дейінгі ұйымды жергілікті қоғамдастықтың өміріне тартуға немесе бірге іс-шаралар ұйымдастыруға дайын. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын бағалаудың тиімді құралдары тұрғысынан қарағанда іскерлік және позитивті тәсілмен байланыс орнату екі жаққа да өте пайдалы.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын бағалау құралдарын қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі білім беруге жауапкершілікпен қарауға педагогтер мен ата-аналардың назарын аударуға және мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сынып педагогтеріне сапаны бағалау құралдарын қолдану бойынша көмек көрсетуге бағытталған.

Осы ұсынымдарда мектепке дейінгі білім беру сапасын бағалаудың негізгі объектілері қарастырылған және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын бағалау құралдарын қолдану әдістері сипатталған.

Сапаны бағалаудың бірыңғай критерийлерін енгізу мектепке дейінгі ұйымдардың мониторингі мен сертификаттау құралдарын жетілдіруге ықпал етеді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын бағалаудың критерийлері мектепке дейінгі ұйымдардың өзін-өзі бағалау құралы ретінде қарастырылады. Бұл, бір жағынан, әзірленіп жатқан сапаны бағалау құралының балабақшалардың рейтингтік көрсеткіші құралына айналуын болдырмау үшін тәуекелді сәттерді ескеруді көздейді.

Қазіргі заманғы мектепке дейінгі білім беру мазмұнды, алуан түрлі заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыру, балалар әрекетінде ойындарды қолдану және балалардың жан-жақты дамуы үшін жағдай жасау арқылы қалыптасады. Балаларға арналған дамытушы бағдарлама олардың жасына сәйкес келуі тиіс және академиялық бағыты болмауы керек.

Сапаны бағалау өлшемшарттарын қолдану мектепке дейінгі ұйымдардың жұмысын жетілдіреді, білім беру қызметтерінің сапасын кешенді бағалауға, педагогтердің тәжірибесін жетілдіру бойынша жұмысты жоспарлауға және негізгі мәселелерді айқындау мен балалардың дамуын бақылауға көмектеседі.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы от 27 июля 2007 года № 319-III. – <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319>
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы 14 қазан 2022 жыл №422. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235>
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі: Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2021 ж. 15 наурыз №137. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137>
4. Всемирный доклад по мониторингу ОДВ «Образование для всех 2000–2015 гг.: достижения и вызовы». – UNESCO, 2015. – 499 с. – <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf000023220>
5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты: ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348. – <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031>
6. Ибрагимова Г.К. Оценка качества регионального дошкольного образования в Казахстане // Вестник Казахского национального женского педагогического университета. – 2018. – № 3. – С. 192–198. – <https://vestnik.kazmkpu.kz/jour/article/view/78/79>
7. Методическое руководство по использованию инструментариев (критерий) оценки качества дошкольного воспитания и обучения. – Астана: ИПРД, 2022. – 39 с. – http://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/metodicheskie_razrabotki/2022/met_razr_291122.pdf
8. Исаева Ж.К., Жиенбаева С.Н., Адамова М.Е. Критерии оценки качества дошкольного воспитания и обучения // Сборник материалов форума «Научные основы модернизации системы образования и науки». – Астана: НАО им. И. Алтынсарина, 2023. – С. 165-171. – https://drive.google.com/file/d/1-Z2mP1cSp63I4cZ646ZXc_wEJn6Co2rI/view?usp=sharing
9. Profeta M. Promoting holistic learning and development in early years: An analysis of quality in early childhood care and education (ECCE) from the Asia-Pacific region. – Singapore: ARNEC, 2018. – <https://www.arnec.net/wp-content/uploads/2014/03/MP-Quality-March-2013.pdf>
10. Gregoriadis A., Grammatikopoulos V., Zachopoulou E. Professional Development and Quality in Early Childhood Education // Comparative European Perspectives. – 2018. – <https://doi.org/10.1007/978-3-319-64212-3>
11. User Guide to Online Reporting for the Connecticut Preschool Assessment Framework. – 2022. – 15 p. – <https://ctpaf.org/guide/ctpafguide.pdf>
12. Le V.N., Schaack D.D., Setodji C.M. Identifying baseline and ceiling thresholds within the qualistar early learning quality rating and

- improvement system // Early childhood research quarterly. – 2015. – V. 30. – P. 215–226. – <https://doi.org/10.1016/j.ecresq.2014.03.003>
13. Хармс Т., Клиффорд Р., Крайер Д. Шкалы для комплексной оценки качества образования в дошкольных образовательных организациях. ECERS-R. – М.: Издательство «Национальное образование», 2016. – 136 с.
14. Шиян О.А., Воробьева Е.В. Новые возможности оценки качества образования: шкалы ECERS-R апробированы в России // Современное дошкольное образование. Теория и практика. – 2015. – No7. – С.38–49.

МАЗМҰНЫ

1	Түсіндірме жазба	3
2	Кіріспе	4
3	Мектепке дейінгі білім беру сапасын бағалау объектілері	5
4	Сапаны бағалау бойынша ұсынымдар	7
5	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын бағалау құралдарын қолдану	13
6	Қорытынды	16
7	Қолданылған әдебиеттер	17

